



«БЕКІТЕМІН»  
«Зайсан технология колледжі» КММ  
директоры  Е.Т. Сейлханов  
«31» 08 2018 ж.

## ТӘЛІМГЕРЛІКТІ ҮЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

Тәлімгерлік – біліммен, тәжірибемен бөлісу мақсатында өзінің беделін мойыннатқан, тәжірибесі бар және оны бөлісуге ынтасы бар тұлғаның өзінің мамандығын енді бастап келе жатқан жас маманның жұмысына деген сүйіспеншілігін ояту. Тәлімгер колледждің әдістемелік кабинетімен және директордың бұйрығымен тағайындалады.

### 2. Тәлімгердің құқықтары мен міндеттері

#### 2.1. Тәлімгерлерге қажетті қасиеттер:

- Лайықты қасиеттері, адамгершілігі, жетістіктері бар болуы;
- Қызметке жаңадан келгендерді қабылдайды, олардың мансаптары мен жетістіктерін қалыптастыруға көмектеседі;
- Өзінің қамқорлығындағы тұлғаға өзінің білімімен, материалдарымен, тәжірибесімен, дағдыларымен бөлісуге ынтасы болуы қажет;
- Сенім ахуалын жасай білу;
- Ең бірінші ақпарат көзі болып табылады;
- Өзі үшін жоғары үлгілерді қалыптастырады;
- Өзінің саласында жетілдіруді жалғастырады, жоғары танымдық қажеттілікке ие болуы тиіс;
- Әріптестердің құрметіне ие;
- Үйымдастырушылық және коммуникативтік қасиеттері болуы қажет;
- Кәсіби қызметте 10 жылдан жоғары еңбек өтілімі болу керек;
- Жоғары және бірінші біліктілік дәрежесі болу керек.

#### 2.2. Міндеттері:

- Тиімді тәлімгерліктің жоспарын құрастырады және оның екі-үш жыл ішінде жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
- Қарамағындағылардың жұмысын сараптап, олардың әлеуетті мүмкіндіктерін бағалайды;
- Жас оқытушыларға 2-3 сабакқа дайындалуға әдістемелік көмекпен қамтамасыз етеді;
- Дидактикалық материалдарды, көрнекіліктерді, мәтіндік тапсырмаларды, бақылау тапсырмаларының түрлерін жинастыруда көмек көрсетеді;
- Өз білімін жетілдіру үшін әдебиеттерді таңдауда, құжаттарды толтыру мен рәсімдеу кезінде көмек көрсетеді;

- Эр күннің, аптаның қорытындысы бойынша күнде әңгімелеседі және пайда болған мәселелерді шешеді;
- Жас оқытушының сабактарына қатысады, айна 2 рет өзара сараптама жасайды;
- Заманға сай талаптарды есепке ала отырып, тәлімгерлік қызметте тәжірибеге жаңа ұйымдастыруышылық формалар енгізеді (рольдік ойындар, байқаулар);
- Өзінің кәсіби білімін, қабілеттерін жетілдіреді;
- Аттестацияға дайындалу кезінде көмек көрсетеді, аттестациялық комиссияға сарапшылық тұжырым береді;
- Колледж әкімшілігін жас оқытушының машиқтануы туралы хабардар етеді;
- Талап бойынша тәлімгерлік жөніндегі есебін жүзеге асырады;
- Динамикалық тәлімгерлік қарым -қатынасты қамтамасыз ету.

### 2.3. Тәлімгердің құқығы:

- Кәсібін жетілдіруге;
- Әкімшіліктен және әріптестерінен көмек сұрауға;
- Тәлімгерлік қызметте тәжірибемен алмасуға;
- Қарамағындағымен келіспеушілік болмаған жағдайда тәлімгерлікten бас тартуға;
- Қоғамдық жүктемесі үшін марапаттауға.